



ТУРАН-КАЗАЛЫ

№94
(2265)
Сенбі
23 қараша
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

Құттықтаймыз!

ПРЕЗИДЕНТ ҚОЛЫНАН МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА АЛДЫ



Жақында Астана қаласында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың қатысуымен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумы өткен болатын.

Форумда Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қызылорда облысынан «Рза-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің егіс бригадирі Томаев Балғазы Аймағамбетұлына ауыл шаруашылығы саласына еңбек сіңіргенін ескеріп, «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградтады.

Біз, Балғазы Аймағамбетұлы Томаевты жоғары мемлекеттік наградасымен құттықтап, отбасына амандық, жұмысына табыс тілейміз!

АУДАН ӘКІМІ: ӘРБІР ТАПСЫРМА ТИЯНАҚТЫ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте Мемлекет басшысының Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында берген тапсырмаларын орындау және ішкі нарықтағы тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сапасын арттыру мәселелері қаралды.

Жиында аудан басшысы Мемлекет басшысының қатысуымен өткен форумда қазалылық «Рза-Агро» ЖШС-нің егіс бригадирі Томай Балғазы Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталғанын айтып, бұл ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек адамдарының маңдай тері мен қажырлы қызметінің жемісі екендігін айтты.

Мұнан соң аудан әкімі форум қортындысымен Мемлекет басшысының еліміздің

ша маңызды тапсырмаларға тоқталды. Соған сәйкес берілген тапсырмалар аудан көлемінде жүйелі түрде орындалуы керектігін айтып, бұл бойынша жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты ауданнан экспортқа және ішкі нарыққа шығарылатын тауардың ең алдымен сапасы жоғары болуы тиіс екендігін айтты. Бұл бойынша ішкі нарықтағы тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен сапасын арттыру мақсатында жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілу керектігін және тауарлардың талапқа сәйкес келмеу фактілерінің алдын алуға жұмыс істеп мерзімінде тиісті шараларды қабылдау жөнінде жауаптыларға нақты тапсырмалар берді.

Мәжілісте аудан әкімі



ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған алда атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттары бойын-

күн тәртібінен бөлек өзекті мәселелерді де қозғап, әрбір берілген тапсырмалар тиянақты орындалуы керектігін ескертті.

Баспасөз - 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары! Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

БАЙҚОҢЫРДА ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӘРМӨҢКЕСІ ӨТТІ



Байқоңыр қаласында дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті. Қала орталығында өткізілген жәрмеңкеге Қазалы ауданының тауар өндірушілері қатысты. Шығарылған өнімдер нарықтағыдан 15-20 пайызға арзан бағада сатылды.

Қала тұрғындары мен қонақтары үшін ауданның 30-ға жуық кәсіпкерлері 40 тоннадай өз өнімдерін ұсынды. Атап айтқанда, 3 тонна сыр маржаны,

«Рза - Сүт» ЖШС-нің 1,5 тонна сүт өнімдері, 1,5 тонна балық өнімдері, 25 тонна бақша дақылдары мен картоп, көкөністер болды. Сонымен қатар, Қазалының брендін айналып «Қазалы кәмпиті» мен «Қазалы сабыны» ұсынылды.

Таңсәріден басталған сауда сағатсанапқызатүсті. Жергілікті өнімді сұраушылардың қарасы қалың болды.

Сондай-ақ, Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Дмитриевич Бусыгин жәрмеңкеге келіп, қазалылықтарға рақметін жеткізді.

Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі

БАТЫР БОЛЫП ТУМАЙДЫ

21 қараша күні Қазалы қалалық мәдениет Үйінде Қазалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен, Қазалы қаласы әкімі аппаратының «Қалалық мәдениет Үйі» МКҚК-ның ұйымдастыруымен Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазалы ауданының құрметті азаматы, белгілі қаламгер, публицист Әлмәмбет Әлішевтің 85 жылдығына орай «Батыр болып тумайды» атты повесінен монолог оқудан аудандық байқауы өткізілді. Байқауды аудан әкімінің орынбасары Жолтаев Болат ашып, талапкерлерге сәттілік тіледі.

Байқау қортындысы бойынша, Бас жүлдені Әйтеке би кентінен Дәуітбай Аяна, жүлделі I орынды Байқожа ауылынан Алдаберген Эльвира иелен-



се, жүлделі II орынды Абай ауылынан Жарылқасын Аяғөз бен Бекарыстан би ауылынан Шәмшә Ерқожа, жүлделі III орынды Ғ.Мұратбаев ауылынан Қожахмет Үкіліай, Ақсуат ауылынан Нұрлыбекқызы Ұлбосын бен Қожабақы ауылынан Серік Жұлдызай өзара бөлісті.

Сондай-ақ, «Үздік монолог оқушы» номинациясымен «Лахалы» ауылынан Қасым Гүлзар, «Батыр болып тумайды» номинациясымен Абай ауылынан Әбдіжәлі Диас, «Әлмәмбет Әлішев» номинациясымен Ү.Түктібаев ауылынан Шакизад Ерасыл, «Оқу өнерінің шебері» номинациясымен Жанқожа батыр ауылынан Нұралы Мадияр марапатталды.

Қазалы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі

НАШАҚОРЛЫҚ – ҒАСЫР ДЕРТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресудің кешенді жоспарын әзірлеу қажет деп айтқан болатын.

Осы орайда, Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Кәрімұлы Ожаровтың төрағалық етуімен «Нашақорлыққа жол жоқ» атты тақырыбында кеңейтілген үйлестіру кеңесі өткізілді.

Бұл бағытта жұмыстарды жандандыру үшін аудандық прокуратураның бастамасымен аудан көлемінде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, профилактикалық жұмыстар және халық денсаулығына әсер ететін қылмыстардың алдын алу бағытында уәкілетті орган өкілдерінен құралған жұмысшы

топпен, арнайы құралдарды пайдалану арқылы аралау жұмыстары ұдайы жүргізілуде.

Дегенмен, нашақорлыққа қарсы көптеген жұмыстардың қолға алынғанына қарамастан, қоғамда есірткіге қызығып, тұтынатындар саны күн санап көбеюде. Әсіресе, жастардың есірткіге әуес болуы үлкен алаңдаушылық туғызады.

Есірткіге тәуелді адамдар дозаның көлемін ұлғайту нәтижесінде өз іс-әрекетіне деген бақылауын жоғалтады. Ал, мөлшерден тыс қолдану өлімге алып келеді және тәуелділік көбіне қылмыстық іс-әрекеттермен ұштасады.

Өз кезегінде есірткі затын өткізумақсатында заңсыз сақтап, оны өткізу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының

Қылмыстық Кодексінің 297-бабымен қылмыстық іс тіркелді.

Атап айтқанда, Қазалы ауданының тұрғыны М.Абдуллаев есімді азамат Қазалы ауданы көлемінде есірткі затын заңсыз сақтап, өзінің сенімді адамдарына есірткі затын сатып, табыс тауып, тіршілік көзіне айналдырған.

Тергеп-тексеру нәтижесімен аталған қылмыстық іс сотқа жолданып, сот отырысында айыпталушы М.Абдуллаев есімді азамат өзінің іс әрекетін толық мойындап, шын ниеттен өкінетінін көрсеткен.

Аудандық соттың үкімімен айыпталушы М.Абдуллаев есімді азамат Қылмыстық Кодекстің 297-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 5 (бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жаза-

сына сотталды.

Қазақ халқының түсінігінде наша мен нашақорлық деген ұғым болмаған. Ұлт табиғаты тұнық, таза еді. Ұрпақты үш сөзбен тәрбиелеп саналы ұлтқа айналдырған қазақ қоғамының тұнығы ел болашағы үшін қауіп зор зиянды түсініктермен бүлінуде.

Қылмыстар мен зұлымдық атаулының туындауына әкеліп соқтыратын нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күреске бүгінгі таңда ерекше назар аудару арқылы, мейлінше ықпалды әрі тиімді шараларды үздіксіз жүргізіп отыру баршамамыздың басты міндетіміз.

Н.БЕЙБІТӘЛІ,
Қазалы аудандық прокуратурасының прокуроры

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР

Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін нышандарының бірі.

Көгілдір түсті Туымыз бен ортасында шаңырақ бейнесіндегі алтын сәулелі күн орныққан Елтаңбамыз бүкіл әлемге Қазақстан Республикасы аталатын Тәуелсіз мемлекет бейнесін паш етті. Бұл рәміздер – мемлекетіміздің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі.

Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздік нышаны ретінде ерекше қадірленіп, оларға биік мәртебе беріледі, сондықтан да мемлекет адамдарға мемлекеттік рәміздерді қастерлеуді парыз етеді. Олардың түр-түсі мен ресми қолданылу тәртібі Конституцияда немесе конституциялық заңда белгіленеді және заңмен қорғалады. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу азаматтардың мемлекет



тәуелсіздігін құрметтеуді нығайтып, жасөспірімдердің отансүйгіштік сезімін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

көлемдерінің, орнатылатын орындарының және орналастыру дәйектілігінің стандарттары тұрақты сақталады, тозған, ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік рәміздерін уақтылы ауыстыру және жою жүзеге асырылып отырады.

Қазалы аудандық сотында мемлекеттік органның атауы және Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бар маңдайша бар. Аудандық сот төрағасы мен сот залдарының кабинеттерінде ұлттық стандарттарға сәйкес келетін Мемлекеттік рәміздер орнатылған.

Тәуліктің қараңғы уақытында сот ғимаратында ҚР Елтаңбасы мен Туы жарықтандырылады.

Отанымызды құрметтеуге және патриоттық сезімімізді нығайта түсуге тырысу – ол әрбір азаматтың парызы! Туған жер деген киелі ұғымды әрбір қазақстандық құрмет тұтуға, қастерлеуге міндетті екенін естен шығармауға тиіспіз.

К.ОРАЗАЛИЕВА,
Қазалы аудандық соты әкімшісінің жетекші маманы

ИСЛАМ ДІНІНІҢ КЕМЕЛДІГІ



Тәуелсіздік таңы атқанына ширек ғасыр өтсе де, қазіргі уақытқа дейін исламға деген қалың бұқараның көзқарасы әрқалай. Кейбір адамдар исламды екі дүниеде бақытқа жетелейтін ақиқат соңғы дін ретінде қабылдаса, енді бір адамдар ислам дінінің құндылықтарын терең ұғынып, күнделікті өмірінде ислам қағидаларын темір қазық етуде. Ислам дініндегі кемелдік дегеніміз – дін аясында адам өмірінің әр тұсы, кез-келген жағдаяттарына жауап бере алуы. Ол иман, амал, сенім, шарифат, құлшылық, қарым-қатынас, ілім, көркем мінез.

Ислам діні аясында экономика негіздері, ұшқыр саясаттың кемел көрінісі, өмірдің әр саласындағы, қоғамның әртүрлі қабаттарына бағытталған сауықтандыру бағдары қамтылған. Бұл мінсіз жүйе адамның бұл дүниеде бақытты болуына жетелеуімен қатар ақыретте де

мәртебесінің жоғары болуына жол сілтейді.

Ислам дініндегі сенім жүйесі өте жеңіл әрі түсінікті. Адамзаттың санасында толық сенім орнау үшін аталған иман негіздері қуатты дәлелдермен бекітілген. Аллаға иман келтіру арқылы әрдайым Алланың бақылауында екенін сезінеді. Осыдан оның іс-әрекеттері дұрысталып, ой елегіне тосқауыл қояды. Періштелерге иман

келтіру арқылы тағаттылықтың қандай болу керек екенін түсінеді. Кітаптарға иман келтіру арқылы Алла тағаланың адамзатқа түсірген заңдарын іс жүзінде амалға асырады. Пайғамбарларға иман келтіру арқылы адамзатқа жіберілген елшілердің мінезімен сипатталып, олардың салған сара жолын өмірінде темірқазық етеді. Ақыретке иман келтіру оны бұл өмірдің алдамшы қызықтарына алданбай Жаратушысына, еліне пайдалы амал жасауға тырысады. Тағдырға иман келтіру адамды тек өзінің амалына сүйеніп, Алланың мейірімін үміт етуді үйретеді.

Қорыта айтқанда, Ислам діні адамзат баласының өмірдегі барлық мәселесін жан-жақты қамтыған. Тек соған сай амал жасау әрбір мұсылманға парыз.

**«Қазалы ынтымағы»
қоғамдық бірлестігі**

КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНЫП ЖҮРМІЗ БЕ?

Күн санап әлемдік ғаламтор желісі үздіксіз даму үстінде. Осыған орай, ғаламтор желісін пайдаланушы ұялы телефонның да түрлері артып келеді. Біз күнделікті өмірде ғаламтор желісі мен ұялы телефонды дұрыс пайдаланып жүрміз бе? – деген сұрақ туындайды.

Жалпы әр заттың пайдалы және зиянды жағы болатыны белгілі. Ұялы телефонның да біреуге пайдасы болғанымен, екінші адамға көп зиян келтіретіні рас. Ең алдымен денсаулыққа кері әсері өте көп.

Ғаламтордан телефон, ноутбук арқылы керегінді таба аласың. Тіпті алыстағыны да жақын етеді. Бірақ, әсіресе жас жеткіншектер мен балалар үшін қауіпті затқа айналып жатқандай. Бос уақыттарын телефондағы ойындарға арнайды. Қарап тұрсақ, ол ойындар бала түгілі үлкен адамдардың да жүйкесіне кері әсерін тигізеді. Қазір балалардың мінез-құлықтары өзгерген.

Тез ашулануы мен сөз көтермеуі осы ғаламтор желісіндегі ойындардың әсері десек артық айтқанымыз емес. Біз заман ағысына ілесеміз деп осы құрылғыларға тым тәуелді болып бара жатырмыз. Жанымызда сәл болмаса іздеп тұрамыз. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін телефонды ермек еткен. Қазіргі уақытта адамдардың бір-бірімен бетпе-бет отырып тілдесуі азайған. Қоғамдық көлікте, көше бойында өтіп бара жатқан адамдарға қарасаң құдды өзге ғаламнан келгендей, екі көзі төрт болып телефонға үңілумен болады. Телефон біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналды. Ащы болса да қазіргі қоғам шындығы осындай. Даму үстіндегі технологияны тоқтату қолымыздан келмесе анық. Бірақ оның адам өміріне қаншалықты зиян екенін есімізден шығармағанымыз жөн.

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

Туберкулез - бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез - бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының - сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзалардың да зақымдануы. Алайда қазіргі таңда өкпе туберкулезі жиі кездеседі.

Туберкулез қалай тарайды? Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жөтелгенде, түшкіргенде өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшерін дем алуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы, микробактериялартозаңданған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті болып, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жөтелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микробактерияларды бөледі. Олар еденге, заттарға шаңмен бірге тұнады және көптеген жылдар бойы өміршең болып қалуы мүмкін.

Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер. Ауру жануардың сүті, немесе еті адам үшін жұқтыру көзі болуы

мүмкін.

Науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды.

Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, онда ол айналадағыларға қауіпсіз. Өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды. Туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады. Алайда, барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

Туберкулез микробактериялары адам ағзасына түскен кезде ауру жұқтырылады, бірақ туберкулез ауруының дамуы әр жағдайда болмайды. Өкпе туберкулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен туберкулез ауруымен иммунитеті нашар жас балалар, жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар:

1. Толыққанды тамақтанудың болмауы.
2. Туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті).
3. Маскүнемдік.
4. Темекі шегу.
5. Нашақорлық.

6. Ілеспе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары). Туберкулез ауруының белгілері қандай?

1. Ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел
2. Шаршау және әлсіздік
3. Дене салмағының төмендеуі
4. Температураның ұзақ көтерілуі
5. Түнде тершендік
6. Кеуде қуысындағы ауырсыну

7. Қан түкіру
Туберкулезді қалай анықтауға болады?

1. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.
2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді.
3. Қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.

Туберкулездің алдын алу шаралары:

1. Салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жету үшін ең жақсы жолы - күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру.
2. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақытылы ұйқы. Яғни, дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

3. Жыл мезгіліне қарамастан, таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет. Өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.

4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары — сүртінуге, құю, душ.

5. Жөтел этикетін сақтау
6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағза жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады. Көмірсулар - қант, нан, картоп, жармада кездеседі. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен көкөністер мен жемістерде болады.

7. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау
8. Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.

**Г.ОРАЗ,
Қазалы аудандық
санитариялық
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бас маманы**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп - өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы сыбайлас жемқорлықпен күресу болып табылады.

Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуі, сезінуі керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз.

Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – сыбайлас жемқорлық.

Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу - олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат - қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық - бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бірімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін

жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

Сондықтан кез - келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады. Заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр.

Бүгінгі таңда, «Тасарық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл басынан бастап сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша құқықтық оқытулар өткізіліп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу тақырыбында мақалалар жарияланды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде (facebook,) мақалалар үнемі жарияланып отыр.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау қадағаланып, барлық өтініштер белгіленген мерзімде қаралады. Мемлекеттік қызметтер «elicense.kz», «e-otinish» веб порталы арқылы электрондық түрде қабылданып, заң шеңберінде қаралып жауап беріледі.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу - біздің басты міндетіміз.

Әлмұхан КӘРІБАЕВ,
«Тасарық» ауылдық округінің әкімі

МҰЗДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ МЕН ІС-ҚИМЫЛ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қыс мезгілінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында көптеген іс-шаралар атқаруда. Дегенмен, азаматтардың қарлы күндері балық аулау, мал іздеу кезінде адасу жағдайлары, мұз үстінен өту кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдары және тағы да басқа жағдайлар орын алуы азаяр емес. Қыс мезгілі басталғаннан бері облыс бойынша су айдындарында мұз үстінен жаяу өту және автокөлікпен жүру кезінде қауіпсіздікті сақтамау салдарынан суға кеткен жағдайлары, мұз үстінде балықшылардың балық аулау кезінде жоғалуы, далалы жерде адасу жағдайлары жиі орын алуда.

Мұз үстінде сақ бола отырып, Сіз өз өміріңізді сақтайсыз! Мұқият және абай болу кез-келген күтпеген жағдайды оңтайлы шешуге көмегін тигізеді. Осындай жағдайлардың алдын алу, және сақтану мақсатында Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі төмендегі қауіпсіздік ережелерін ұсынады:

- Жұқа, қатпаған өзен, көл, канал, арықтар мен су қоймаларында мұз үстіне шықпаңыз;
- мұз жүрген кезде мұз үстімен қайықпен суда жүрмеңіз;
- мұз өткелдерінде аса сақ болыңыз, ескерту қалқандары мен хабарландыруларды мұқият оқып жүріңіз;
- мұз жүрген кезде жағалау жанында балалардың ойнауына жол бермеңіз.
- жоғарыдағы қауіпсіздік шаралары жайлы балаларға үнемі ескертіңіздер.

Егер, аяқ астыңыздағы мұз опырылып түсіп, айналанызда ешкім болмаса – дүрбелең салмай, екі қолды екі жаққа жайып, мұз ернеуіне тіреліңіз, және арқаңыз немесе ішіңізге баяу жатыңыз, қатты мұздың үстіне шығып, келген жаққа бағыт алыңыз.

Егер, өзіңіз біреуге қол ұшын берсеңіз, онда міндетті түрде зардап шеккен адамға судан шығару үшін таяқ, белдік, шарф және тағы басқасын беріңіз. Соңынан, зардап шеккенді жылы жайға апарып, құрғатып, киім-кешектерін ауыстырып, ыстық шәй беру қажет. Қажет болса, емдеу мекемесіне жеткізу керек.

Қыс мезгілінде мұз үстінде жүру кезінде абай болыңыз! Өз өміріңізді қауіп-қатерге тікпеңіз!

Егер, Сіз, апат, жазатайым оқиғаның куәгері немесе өзіңіз қиын жағдайға душар болсаңыз, «101» немесе «112» шұғыл қызметтерді шақырудың бірыңғай нөміріне дереу қоңырау шалыңыз. Қоңыраулар кез келген байланыс құралдары арқылы (телефон, ұялы телефон) тәулік бойы және тегін қабылданады.

Шапағат ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы,
азаматтық қорғау майоры

● Хабарландыру

2024 жылдың 29 қараша күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі. Комиссия отырысының күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. Қазалы қаласы, Әйтеке би кенті және ауылдық округтердегі мәдениет үйлері жанындағы үйірмелердің жұмысы туралы.
2. Қазалы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің атқарған жұмыстары және алдағы жоспарлары туралы.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.